

**Керек дерек**

Жасқа байланысты есептер бастауыштағы негізгі және маңызды тақырыптардың бірі. Екі адамның жасының арасындағы байланысты есептеуге арналған есептерде ең басты ескеретін жағдай:

Қанша жыл өтсе де, екі адамның жастарының айырмасы өзгермейді.

Бірнеше жылдан кейін



$(\text{Үлкен жас} - \text{кіші жас}) \div (\text{үлкен бөлік} - \text{кіші бөлік}) - \text{кіші жас}$

Бірнеше жыл бұрынғы



$\text{Кіші жас} - (\text{үлкен жас} - \text{кіші жас}) \div (\text{үлкен бөлік} - \text{кіші бөлік})$

**Миға шабуыл**

1. Үш жылдан кейін Асан Үсеннің қазіргі жасына келеді. Екеуінің қайсысы үлкен?
2. Үш жыл бұрын Асан мен Үсеннің жастарының қосындысы 15 болса, онда төрт жылдан кейін олардың жастарының қосындысы қанша болады?

**Қиын есепке оңай жол !!!**

1-мысал. Ұлы 6 жаста, әкесі 30 жаста, неше жылдан кейін әкесі баласынан 4 есе үлкен болады?

Талдау: Ұлы мен әкесінің жасының айырмасы өзгермейді, $30 - 6 = 24$ жас. Ал есеп шарты бойынша әкесі ұлынан 4 есе үлкен болғандықтан, екеуінің

жастарының қосындысының 1 бөлігін ұлы, 4 бөлігін әкесінің жасы құрайды. Яғни, $4 - 1 = 3$ бөлік екеуінің жастарының айырмасы 24 - ке сәйкес келеді.

Шешуі:

- (1) Әкесі мен ұлының жас айырмасы: $30 - 6 = 24$ жас
- (2) Әкесі ұлынан 4 есе үлкен болғанда, ұлының жасы: $24 \div (4 - 1) = 8$ жас.
- (3) $8 - 6 = 2$ жыл

Қысқаша түрде: $(30 - 6) \div (4 - 1) - 6 = 2$ жыл

Жауабы: 2 жылдан кейін әкесі ұлынан 4 есе үлкен.




Ақыл-ой жаттығулары


1. Үсеннің жасы екі жыл бұрын 5-те болған. Ол 7 жылдан кейін неше жаста болады?

2. Суретте қанша шаршы бар?

(1)



(2)



3. Қоян мен тауықтардың жалпы саны 90, аяқтарының саны 252. Қанша қоян және қанша тауық бар?

4. Машина 2 минутта 16 деталь жасай алады. Онда бір тәулікте қанша деталь жасай алады?

5. Заңдылықты мұқият зерттеп, сиқырлы үшбұрыштағы белгісіз санды тап.

			1		
			3	5	
		7	9	11	
	13	15	17	19	
21	23	()	27	29	
31	33	35	37	()	41